# ӨНЕР САҢЛАҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШ ӨТТІ

**Құт-береке дарыған киелі Шет өңірі талай өнер саңлақтарын дүниеге әкелген киелі топырақ.**

**Сол киелі топырақтан түлеп ұшқан ардақты перзенттердің бірі жергілікті ақын, сазгер, актер, ауданымызда халық театрының іргесін қалаушылардың бірі - Ермек Мұстафин.**

Алдымен өнер саңлағының өмір жолына қысқаша тоқтала кеткеніміз жөн болар. Ермек Мұстафин Бұғылы тауы баурайында 1917 жылдың қаңтар



айында дүниеге келген. Жастайынан өнерді мұрат тұтқан ол домбырамен ән салып, өлең шығара бастайды. Өнерге деген құштарлығы оны С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық Қазақ драма театрына алып келеді.



Еңбек жолын осы үлкен ұжымда бастаған аз ғана жылдар ішінде өнерімен елдің көзіне түсіп, ыстық ықыласына бөленеді. Осы өнер ордасында Мүлік Сүртібаев, Жәмила Шашкина, Мүздыбек Әбдікәрімов, Рахия Қойшыбаева, Әйзен Мұсабекова сынды театр актерларымен бірге 1965 жылға дейін жемісті еңбек етті. Ермек Мұстафин тек қана атақты актер ғана емес, белгілі ақын, әрі әнші-композитор. Көптеген әндерін жарыққа шығарған.

1965 жылдан бастап аудандық Мәдениет үйінде методист, 1966 жылы театр режиссері болып 1977 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша жемісті еңбек етті. Оның жетекшілігімен 1976 жылы дайындаған «Қозы-Көрпеш, Баян сұлу» драмасы облыстық байқауда жоғары бағаланып «Халық театры» атағы берілді. Әр жылдарда жазған өлеңдері мен поэмалары, айтыстары аудандық, облыстық және республикалық басылымдарда жарияланып, ақындар жинағына енгізілген.

1990 жылдың шілде айының 28 жұлдызында 73-ке қараған шағында дүние салды.

Аудандық мәдениет үйінде ақын, сазгер, актерге арнап өткізілген іс-шара алдымен халықаралық театр күніне орай Т.Нұрмағанбетовтің «Табалдырығына табын» драмасы қойылымымен басталып, «Шоқтығы биік тұлға» атты еске алу кешімен жалғасты.

Еске алу кешінде аудан әкімінің аппарат жетекшісі Нұрман Төлеуқұлов құттықтау сөз сөйлеп, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы А.Ахметовке аудандық халық театрына Ермек Мұстафиннің аты берілгендігі жөнінде паспортты табыс етті.

Сонымен қатар, биыл Ермек Мұстафин жайында "Арқада Бұғылы тау мұнарланған" атты естелік кітап та жарыққа шыққан болатын. Осы кеш барысында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ахметов Асхат және ақын, сазгердің жақын туысы Секербаев Изат ақсақал кітаптың лента қию рәсімін жасады.

Кеш одан әрі ән мен күйге жалғасып, Ермек Мұстафиннің балалары Қайрат Мұстафин өзінің "Әкені аңсау" күйін орындаса, Бейбіт Мұстафин "Иманжүсіптің әнін", күйеу баласы Бекзат Қойшыбаев Ермек ағамыздың "Әділім-ай" әнін әуелете шырқап, кеш шырайын аша түсті.

Мұнан соң сөз сөйлеушілерге де кезек жетіп, бірге қызмет атқарған әріптесі, замандасы, ұзақ жылдар мәдениет саласында қызмет етіп, бүгінде құрметті еңбек демалысындағы Күлмара Жонкина өзінің ыстық сәлемін экран арқылы жолдаса, бірге істеген әріптесі, ақын Рашидов Амантай, құдасы Әбітаев Берген ақсақал естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ, туған-туыстары атынан Серікбай Адамбеков, жиені Кінар Оспанова, қызы Гүлбақша Мұстафиналар ыстық ықыласты тілектерін білдірді.

Шара барысында барша жиналған қауым аудандық музейдің ұйымдастыруымен музей қорындағы Ермек Мұстафиннің өнер жолындағы жетістіктерімен қатар, жазба жұмыстары жайлы қойылған "Тума талант, биік өнер иесі" атты көрмені тамашалады.

Шара соңында марқұмның рухына құран бағышталып, ас берілді.

**Өз тілшімізден.**